



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ол игілікке қоғамдық санасы, интеллектуалдық сапасы мүлде жаңарған жаңа ұлт болып қол жеткізеді. Бұған толықтай сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1.Н. Назарбаев «Болашақты бірге қалаймыз!» Қазақстан Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана қаласы, Ақорда. 28.01.2011ж

2.«Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2013 жылғы Жолдауы

3 .Елбасы Н.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы

ӘӨЖ 338.24 (07)

БАСҚАРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ КӘСІПОРЫН ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНУ

Ж.Ә.Әбілаева

jenis_93.22@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші – Сабирова Р.К., э.ғ.к, доцент

Халық шаруашылығы дамуының қазіргі кезеңінде басқарудың экономикалық әдістері зор маңыз алып отыр.

Басқарудың экономикалық әдістерінің мазмұны еңбек және материал шығындарын мейлінше аз жұмсай отырып, мейлінше жақсы өндірістік нәтижелерге жету мақсатында қызметкерлердің экономикалық мүдделеріне нысаналы ықпал етуде болып табылады. Өндірістік ұжымдар мен жекелеген қызметкерлерге белгілі бір экономикалық тұтқаларды (өзіндік құн, пайда, баға, жалақы, материалдық көтермелеу қорлары) пайдалану жолымен ықпал ету экономикалық әдістер деп түсініледі.

Басқарудың экономикалық әдістері – бұл адамдардың экономикалық қатынастары мен олардың экономикалық мүдделерін пайдаланатын адамдарға ықпал етудің тәсілдері мен әдістері. Экономикалық әдістердің тұтас жүйесі нарықтық экономика жағдайында мынадай міндетті істерді орындайды: реттеуші, теңгерімшібөлуші.

Экономикалық әдістердің көмегімен тауарларды өндіру мен айырбастауда, тауарлардың экспорты мен импортының көлемі мен бағытында және басқа да экономикалық процестерде құрылымдық жылжулар реттеледі.

Нарықты қалыптастыру мен қалыпты жағдайға түсіруде экономикалық әдістердің ең тиімді пайдаланылатын бағыттарының бірі – жекелеген қызмет салалары мен түрлерін саралау тәсілдемесі болып табылады. Бұл саралау ең алдымен экономикалық ынталандыруды күшейтуді талап ететін өндірістің артықшылығы бар салаларында, яғни басым салаларында қолданылуы керек, салық және процент мөлшерлемерінде, еңбекақы деңгейінде, қысқа мерзімде және ұзақ мерзімді несиетерде артықшылықтарға ие болу қажет.

Нарықтық қатынастарды қалыптастырудың түпкі мақсаттарына қол жеткізу үшін микродеңгейдегі басқарудың экономикалық әдістер жүйесін әлеуметтік бағыттағы тиімді нарықтың талаптарына сәйкес ыңғайластыру қажет [1].

Басқарудың экономикалық әдістерінің бірнеше тобын бөліп көрсетуге болады. Олар:

- шаруашылық механизмі және оның құрылымы;
- әлеуметтік-экономикалық дамуды аймақтық басқару;
- экономиканы дамытудағы индикативтік жоспарлауды пайдалану;
- мемлекеттік реттеудің әдістері.

Шаруашылық механизмі — шаруашылықты жүргізудің қағидаларына негізделген әдісі.

Бұл шаруашылық механизмі ұғымы кез келген кәсіпорындардың залалсыз қызмет істеуінің мәнін ашып көрсетеді. Шаруашылық механизмі ұғымына мұндай көзқарас кәсіпорындардың заңда белгіленген шеңберде жұмыс істеу үшін жағдай жасауды білдіреді.

Шаруашылық механизмі, басқаша айтқанда, өндірістік қатынастар жүйесі, өндіргіш күштер және құрамның қондырмасы арасындағы өзара іс-қимылдарды көрсетеді деген сөз. Яғни шаруашылық механизмі ең алдымен өндірушілердің, содан соң тұтынушылардың және жалпы қоғамның экономикалық мүдделерін ескере отырып, әртүрлі өндіріс процестерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені бұл орайда негізгі элемент біріншісі үшін залал шекпеу, екіншісі үшін өнімді пайдалану тілегі, үшіншісі үшін салық алу мен гүлдену тілегі өлшем болады. Сонымен, шаруашылық механизмі ғалым тұрғысынан алғанда нарықтық механизмге өте жақын деуге, ал іс жүзінде оларды бір-бірімен балауға болады. Сондықтан экономикамыздың нарықтық қатынастарға бет алуы іс жүзінде ең алдымен жаңа шаруашылық механизмін енгізілуіне байланысты. Бұл орайда мыналарға:

- кәсіпорындардың залалсыз жұмыс істеуіне;
- пайдасы жоқ дотациялардың тоқтатылуына;
- басқалармен салыстырғанда, ғылыми-техникалық прогресс нәтижелерін енгізетін кәсіпорындардың экономикалық айқындамаларын күшейтуге, яғни ғылыми-техникалық прогрестің енгізілуін ынталандыруға;
- өндіруші жөнінде де, тұтынушы жөнінде де экономикалық мүдде категорияларының пайдаланылуына;
- мемлекет арқылы қоғамның экономикалық айқындамаларын күшейтуге;
- кәсіпорындардың шын мәнінде нәтижелі жұмыс істейтін ұжымдарының тұрмыс деңгейін күрт көтеруіне және т. б. қол жеткізуге болады.

Сонымен қалыпты өндіріс пен тұтынуды қамтамасыз етуге бағытталған шаруашылық механизмі нарықтық механизмге өтпей қоймайды деген қорытынды жасауға болады [2].

Басқарудың көптеген экономикалық әдістерінің арасынан өндірістің тиімділігін бастапқы буын деңгейіне дейін арттыра алатын әдістерді бөліп көрсетуге болады.

Оған мыналарды жатқызуға болады:

- экономикалық ынталандыру;
- экономикалық тетікті шаруашылық есепке көшіру;
- баға және баға белгілеу;
- фирмалардың қаржылық саясаты және т.б.

Экономикалық ынталандыру – жұмыскерлердің экономикалық мүдделерінде көрініс табатын өндірісті басқарудың әдісі. Оның негізін ЖҰӨ жалпы табысына қосқан үлесіне қарай өндірістік ұжымның және әрбір қатынасушының табыстарын қалыптастыру құрайды.

Экономикалық ынталандыру мынадай негізгі принциптерге сүйенеді:

- экономикалық ынталандырудың мақсаттарын қоғамды дамытудың мақсаттарымен ымыраластырып (келісімге келтіріп), өзара байланыстыру;
- қоғамдық өндірістің құрылымындағы жоспарланған өзгертулерді жүзеге асыруға бағытталған экономикалық ынталандыруды саралау;
- ұжымдық және жеке мүдделерді бірінғай болуын қамтамасыз ететін алғышарттарды жасау;
- экономикалық ынталандыруды моральдық ынталандырумен ұштастыру;
- кәсіпорындардың және лауазымды тұлғалардың материалдық жауапкершілігін қарастыратын экономикалық санкциялармен экономикалық ынталандыруды ұштастыру.

Экономикалық ынталандырудың маңызды элементіне материалдық ынталандыру жатады. Ол әр түрлі формада жүзеге асырылады, оны ең алдымен әрбір жұмыскердің еңбекақысы түрінде және ұжымның еңбек нәтижелерін ынталандыру түрінде жүзеге асыруға болады. Еңбекақы материалдық тұрғыдан ынталандыратын жүйеде жетекші орын алады.

Шаруашылық жүргізудің іс-тәжірибесінде бірігіп еңбек етуге және шұғыл міндеттерді қабылдап, орындауға ұжымның материалдық тұрғыдан мүдделілігін тудыратын әдістерді

әзірлеу әдісі маңызды мәнге ие. Экономикалық ынталандырудың көтермелеу қорын қалыптастырушы тетігі ұсталатын аударымдардың нормативтерін белгілеуді, қор мөлшерін анықтайтын әдістерді әзірлеуді қарастырады. Нақ осы бағытта ғана ол ұдайы жетілу үстінде болады [3].

Экономикалық ынталандырудың келешегі зор бағыты – ерекше сыйақы беру. Жұмысшыларды сыйақыландыру жоғары өнімді және жоғары сапалы еңбекке ынталандыру, іс-әрекеттің түпкі нәтижесін жақсарту, кәсіпорын жұмыскерлерінің өмір сапасын көтеру мақсатында жүргізіледі. Сыйақы, еңбек мөлшері үшін алған ақыдан ерекше. Ол қолпаштау сипатында болып, төмендегідей принциптерге негізделеді:

- сыйақы беру даралық сипатта болуы тиіс: жұмысшының аймақ, цех, кәсіпорын жұмысы көрсеткішін жақсартуы үшін өзінің қосқан үлесі үшін беріледі;
- сыйақы беру нақты, белгіленген мөлшерлеме мен нормативті орындағаны үшін емес, еңбектегі ерекше жетістіктері үшін берілуі тиіс;
- сыйақы беру – ағымдағы (ай сайын) және жыл қорытындысы бойынша тағайындалады;
- сыйақы беру жүйесі қарапайым, әрбір жұмысшыға түсінікті болуы керек.

Мұнымен қатар сыйақы беру шарттарын шектейтін жәйттерге қауіпсіздік ережелерін сақтау, еңбекті қорғау, жарақаттану болдырмау, бақытсыз жағдай және еңбек тәртібінің бұзылуын болдырмаулар жатады [4].

Фирманың іс-әрекет жасауының экономикалық тетігі *коммерциялық есеп* әдісін пайдалануды ұйғарады. Бұл ұйғарымның себептері мынадай:

- өндіру мен өткізудің пайдалы болуын қамтамасыз ету;
- инвестицияларды бөлу және өндірісті орналастыру;
- қаржыландыру және несие беру;
- технологияларды дамыту және т.б.

Орталықтандырылған тәртіптегі коммерциялық есеп аясында, сондай-ақ, мынадай экономикалық тұтқалар мен құралдар пайдаланылады:

- баға белгілеу саласындағы ғаламдық саясат;
- өндіріс шығындары;
- қаржыландыру және несие беру.

Бұл саясат тұрақты пайда алып отыруды көздейді. Ол коммерциялық есептің түпкі мақсаты болып табылады.

Коммерциялық есептің ерекшеліктері, яғни ерекше жақтары (орталықтандыруды күшейту және өндірістік бөлімдерге дербестік беру) ең алдымен жоспарлау, бақылау функцияларын дамытумен әрі коммерциялық есепті осы функцияларды жүзеге асырудың әдісіне айналдырумен байланысты.

Коммерциялық есеп аясында ішкі фирмалық есеп деп атауға болатына фирма ішіндегі қарым-қатынастардың формасы пайда болып дамиды. Бұл форма корпорация ішіндегі жабдықтаумен байланысты фирманың жекелеген бөлімшелерінің өзара қарым-қатынасын, сондай-ақ осы негізде қалыптасатын шаруашылық қатынасты бейнелейді.

Ішкі фирмалық есеп шаруашылық жүргізудің жаңа әдісі ретінде басқарудың орталықсыздандырылған құрылымына ие кәсіпорындарға тән.

Коммерциялық ішкі фирмалық есеп әдістері шаруашылық есептің біртұтас жүйесін білдіреді. Бұл олардың мақсаты мен міндеттерінің ортақ болуымен түсіндіріледі. Яғни, бүкіл фирма мен оның бөлімшелерінің алдына қойылған мақсат пен міндеттер коммерциялық және ішкі фирмалық есеп әдістерін шаруашылық есептің біртұтас жүйесіне айналдырады.

Ішкі фирмалық есеп көп жағынан коммерциялық есептің элементтерін қамтиды, өйткені ол коммерциялық есептің мақсаттарын жүзеге асыруға бағдарланған. Ішкі фирмалық есептің басты айырмашылығы: ол бір ғана компанияның меншік аясында жүзеге асырылады, ал коммерциялық есеп – бұл есепті жүргізуге мүмкіндік беретін әрі әр түрлі меншік иелерінің арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін шаруашылық етудің әдісі болып табылады [3].

Қорытындылай келе басқарудың экономикалық әдістерінің негізгі мақсаты — кәсіпорын ұжымы мен жекелеген қызметкерлері барынша белсенділік көрсетуге ұмтылатындай экономикалық жағдайларды қамтамасыз ету.

Кәсіпорындардың тиімділігін арттыру нарықтық экономика жағдайында маңызды болып отыр. Тиімділікті арттырудың көптеген әдістерін, құралдарын, жолдарын білеміз. Соның ішінде басқарудың экономикалық әдістерінің алатын орны ерекше.

Фирмадағы еңбекті ұжымдық ұйымдастырудың негізгі мәселесі — басқарудың экономикалық әдістерін меңгеру, яғни ұйымды басқаруға қатысты ұжымның толығымен және жеке тұлғаның талаптарын қанағаттандыратын тиімділікке қол жеткізуге болатын экономикалық рычагтардың жиынтығы болып табылады.

Басқарудың экономикалық әдістерінің әсері болуы үшін, ең алдымен ұйымның экономикалық тетіктерге көңіл аударуын қамтамасыз ету керек. Онсыз ұйымның өзін-өзі қаржыландыруының және құрылым бірліктерінің құқық кеңейтудің мәні болмайды. Өз кезегінде өзімен-өзі болу құқын кеңейту ұжымдардың шаруашылық қызметте үлкен еркіндікке қол жеткізуіне және жетекшіліктің экономикалық әдістеріне әкеледі: ұжым материалдық қорларын, алған кірістерін (табыстарын), жалақысын өздері жұмсайды және өздерінің экономикалық мүдделерін жүзеге асырады.

Экономиканы басқаруды түбірінен қайта құруды жүзеге асыру жағдайында қарастырылып отырған әдістер өндіріс процестерін реттеу мақсатында экономикалық тұтқалардың жиынтығын кеңінен пайдалануды, үнемділікті (пайда, кіріс) материалдық нәтижелер және интегралдық көрсеткіштер деп, өндірістік қызметке баға берудің басты өлшемдерінің рөлін тануды, жоспар жасауда, оны мейлінше тиімді іске асырудың құралдары мен әдістерін таңдап алуда шаруашылық бөлімшелеріне жеткілікті дәрежеде дербестік беруді көздейді.

Экономикалық әдістер жаңа мүмкіндіктерді, резервті ашуға мүмкіндік жасайды, нарықтық қатынастарға өту кезеңінде бұлардың маңызы өте зор.

Әдебиеттер:

1. Бердалиев К. Менеджмент: Лекциялар курсы. — Алм.: Экономика, 2005.
2. Менеджмент, маркетинг и экономика образования / Под ред. А.П. Егоршина. — Новосибирск, 2001. — 226 с.
3. <http://referatkaz.kz/басқарудың-экономикалық-әдістері/>
4. Экономикалық ынталандыру жүйесінің қағидаларын әзірлеуді сапалы экономикалық өсу тұрғысынан қамтамасыз ету //Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Астана: Д.А.Қонаев атындағы Университет, 2006. — 0,39 б.т.

УДК 346.26 (574.31)

РАЗВИТИЕ ИНСТРУМЕНТОВ УПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Бейсекеева Асель, Кайсаева Айгуль, Отарғалиева Динара

aiqolek_09@mail.ru

магистранты 1 курса университета «Туран - Астана»,
Астана, Казахстан

Малый инновационный бизнес является эффективным инструментом постоянного обновления всех элементов производственного процесса, обеспечения высокой конкурентоспособности продукции и услуг. Малые инновационные предприятия способны очень динамично и гибко реагировать на изменения потребительского спроса, новые предложения и перспективы и с коммерческой выгодой для себя внедрять результаты исследований и разработок. Они, как правило, осуществляют инновации, которые на